

«Шұғыла» бөбекжай- бақшасы» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне

Хабарлама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне 2025-2026оқу жылының жоспарына байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай- бақшасында отырыс өткізіледі. 1.Отырыс 2026 жылдың 21 қаңтар күні сағат 11.00-де өткізіледі. Отырыс жылдық жоспарда көрсетілген тақырып аясында жүргізіледі.

*Орындаған: Жуманалина С.
Тел. 5-20-12*

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама № ----

Қосбөлтек ауылы

21.01.2026ж.

«Сыбайлас жемқорлықпен күресу баршамыздың міндетіміз» тақырыбында тәрбиеші С.Рапилбекованың баяндамасы тыңдалды.

Ондағы мақсат: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,оны болдырмау жолында жұмыстар жүргізу.

Баяндама барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңының басты мақсаты,азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау,сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп қатерден ҚР-сы ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр.Осы орайда айта кететін нәрсе барлық мемлекеттік мекемелер,лауазымды адамдар үшін өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті,яғни бізде жұмыс жасай білуіміз қажет.

Осы сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басты бір басымдығы ретінде айқындалып отыр.

Қазір ел алдында тұрған өзекті мәселенін бірі мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлық ,бұл біздің экономикамызды төмендететінін баяндады.

Осы отырыс барысында өз ой,пікірлерін ортаға салу ұсынылды.

Тәрбиеші Л.Султанбекова өз сөзінде ия алдымен өзімізден бастау қажет деп ойлаймын.Бұл сыбайлас жемқорлық пайда күнемдік ретінде жасалытынқылмыс деп ойлаймын. Біздің қоғамымызда қауіп төндіріп орасан кесел келтіретін жемқорлықтай келеңсіз әлеуметтік құбылыстарға жол бермеуіміз қажет деп атап өтті.

Келесі сөз кезегін Г.Оразбаева сөз алып,қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның дамуына әлеуметтік құбылыс ретінде өмір жалғасып келеді,бірақта сыбайлас жемқорлықпен күрес жалғасса да билік басындағылар оған жол беріп отыр.Біз қоғамымызға жемқорлыққа қарсы күресті азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді,құндылықтарды сіңіруден бастауымызқажет деп ойлаймын,сонда ғана рухани жағынан таза азамат шығады деп атап өтті.

Хатшы:



Мақсымханова Ф.



Мобилді кітапхана



